

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, "Бизнестің жол картасы 2020", "Жұмыспен қамту 2020", 2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ", 2011 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөнінде республикалық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 қарашадағы № 1409 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», 2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөнінде республикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссия құрамы;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

7

қарашадағы

№

1409

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», 2011 – 2020 жылдарға

арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму бірінші вице-министрі
Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының орынбасары (қаржы полициясы)
(келісім бойынша)

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі
(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары вице-министрі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 7 қарашадағы
№ 1409 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған

бағдарламаға, «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», 2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөніндегі республикалық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», 2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциясы

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген және Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», 2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларын (бұдан әрі – бағдарламалар) іске асыруға бағытталған қаржы қаражатының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру ;

2) бағдарламаларды іске асыруға бағытталған қаржы қаражатының пайдаланылуын бақылауды жүргізу бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірлескен бақылау іс-шараларын жоспарлау және оның қызметін үйлестіру ;

3) бағдарламаларды іске асыруға бағытталған қаржы қаражатын пайдалану

тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдары бар бақылау іс-шараларының нәтижелерін қарау;

4) жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша бағдарламаларды іске асырудың ағымдағы жай-күйін бағалау бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

4. Комиссия белгіленген тәртіппен және өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша:

1) отырыстарда бағдарламаларды іске асыруға бағытталған қаржы қаражатының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдерін тыңдауға;

2) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, ведомстволар мен ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

3) бағдарламалардың іске асырылуын бағалау үшін мүдделі мемлекеттік органдардан мамандар, консультанттар тартуға;

4) жоспардан тыс бақылау іс-шараларын бастама жасау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен бағдарламалары іске асыру кезінде заңнаманы бұзғаны үшін тиісті мемлекеттік органдардың, мемлекет қатысатын ұйымдардың лауазымды тұлғаларын және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерін тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдарды енгізуге құқығы бар.

4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және шешімдерді іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызмет және Комиссия шығаратын шешімдер үшін дербес жауапкершілікте болады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функциясын орынбасары атқарады.

6. Комиссияның жұмыс органының функциясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктеледі.

7. Жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық камтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

8. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін Комиссия хатшысы хаттама ресімдейді .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Комиссия отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ бір тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, заңды деп есептеледі.

11. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен жүргізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуға және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды .

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

12. Комиссия шешімі ұсынымдық сипатта болады.

13. Дауыс беру парақтарымен қоса Комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады .

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Комиссияның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК